

## **МАҒЖАН ЖҰМАБАЕВ ПОЭЗИЯСЫНЫҢ КӨРКЕМДІК ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ**

Оспанова Д., 2-курс студенті

С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университеті, Нұр-Сұлтан қ.

Мағжан Жұмабаев поэзия әлеміндегі жарық жұлдыз, қайталанбас құбылыс. Оның өлеңдеріне, поэмаларына, әңгімелеріне халық алдындағы жауапкершілік сезімін білдіретін шиеленіскен трагедия тән және одан туындайтын тарихтың бастаулары мен бетбұрыс кезеңдеріне үндеу бар. Ол оқырмандарды өзінің талантының күшімен, жүрегінің құмарлығымен және шығармашылық қолжазбаның өзіндік ерекшелігімен баурап алды. «XX ғасырдағы қазақ әдебиеті» деген еңбегінде Сәбит Мұқанов М. Жұмабаевтың творчестволық мұрасына мынадай баға береді: «Ақындық жағына келгенде, Мағжан, әрине, қазақтың күшті ақындарынан саналады. Қазақтың тілін байыту ретінде, әдебиетіне түрлер енгізу ретінде, Мағжанның еңбегі көп. Абайдан кейін тіл өнегесіне Мағжаннан асқан ақын қазақта жоқ[1].

Мағжан Жұмабаевтың поэзиясының көркемдік ерекшеліктер, бейне көрінісімен, тіл құдіретінің образ жасаудағы икемділігі мен қолданылу ерекшеліктері қызықтырады.

Поэтикалық мәтінді оқи білу дегеніміз-көркем шығарманың барлық сұлулығын сезіну: оның идеялық әртүрлілігі мен көркемдік формасы. Бірақ көркемдік жаратылыстың жетілуін толық бағалау үшін көркем шығармашылықтың заңдылықтарын меңгеру керек. Әсіресе поэзияға келгенде қиын. Поэзия, өлеңдер негізінен шартты, мұнда олардың мүмкіндіктері, көркемдік бейнені құрудың өзіндік заңдылықтары бар. Мағжан Жұмабаевтың өлеңдері оқи отырып, оқиғалардың сыртқы жағын ғана көріп қоймай, олардың өзара байланысын түсініп, артында тұтас халықтың өмірі, тарихы мен дүниетанымы тұрған әдемі, қарапайым емес өнер әлемін ашамыз. Қазақтың белгілі ағартушысы Жүсіпбек Аймауытов «Мағжанның ақындығы туралы» атты мақаласында Мағжан сыршылдығымен, суретшілдігімен, сөзге еркіндігімен, тапқырлығымен, маржандай тізілген, торғындай үлбіреген нәзік үнді күйімен, шерлі, мұңды зарымен күшті екенін айта келіп, «Мағжан – алдымен сыршыл ақын. Мағжан сөзіндей тілге жұмсақ, жүрекке тиетін үлбіреген нәзік әуез қазақтың бұрынғы ақындарында болған емес. Мағжан не жазса да сырлы, көркем, сәнді жазады. Оқушының жүрегіне әсер бере алмайтын құрғақ өлеңді, жабайы жырды Мағжаннан таба алмайсыз» – дейді.[2]

Мағжан поэтикасының пайда болуы, көркемдік стилінің тууы, образ жасау принциптерінің дамуында, көркемдеуші құралдарды пайдалануда да өзіндік стиль ерекшелігі болған. Мағжан стилі сол кездің бүкіл поэзиясына әсер

еткен. «Мағжан мектебі» деген түсінік пайда болған.

Теңеу – затты, нәрсені, құбылысты немесе заттың, нәрсенің, құбылыстың белгісін, қасиетін салыстыру. Теңеу -дай,-дей,-тай,-тей жұрнақтары жалғану арқылы жасалады. Теңеу Мағжан поэзиясына да тән. Мысалы:

Гүлі қызыл  
лағылдай. Гүлге  
қонған бұлбұлы,  
Бұлбұлының бал  
үні Жазғы сұлу  
сағымдай.

*(«Өтірік ертеке»)*

Арыстандай айбатты,  
Жолбарыстай  
қайратты —Қырандай  
күшті қанатты. Мен  
жастарға сенемін.

*(«Мен жастарға сенемін»)*

Су ақса, тау жаңғырар сылдыр  
қағып, Дәл сұлу бұлаңдаған  
шолпы тағып, Түрлі үнмен жаңа  
келген жылдың құсы Тұрғандай  
қобыз ойнап, әнге салып.

*(«Жазғытұры»)*

Мағжанда эпостық –батырлық жырлардан ауысқан дәстүрлі  
теңеулер бар. Тұлпар мініп, туды қолға алайын,  
Суырып қылыш, қан майданға  
барайын. Жердің жүзі, кім екенін  
танысып,  
Жас бөрідей, біраз ойын  
салайын. Егер мұны:  
Қойға шапқан бөрідей,

Батыр жауға шабады, - деген эпостың дәстүрлі теңеулерімен салыстырсақ, ақын теңеуінің ұқсас екенін байқаймыз [3].

Мағжан шығармаларының биік деңгейге көтерілуіне халық ауыз әдебиетінің маңызы зор болған. Поэтикасының пайда болуы, көркемдік стилінің тууы, образ жасау принциптерінің дамуын, шығармасындағы халық тілінің айшықты кестелерінен, дәстүрлі фольклор элементтерінен кездестіруге болады, фольклордағы көркемдеуші құралдарды пайдалануда өзіндік стиль ерекшелігі болған [4]. Ақынның теңеуге алатын сөздері қазақтың тұрмысына лайық көшпелі тіршілігіне, малшылық, аңшылық кәсібіне тән сөздер. Мысалы: «Көбелек» өлеңінде жоғарыдағыдай асыра теңеу жоқ. Керісінше, адам мінезіндегі жеңілтектілік төмендетіліп, кемсітіліп көбелекке баланады. Қандай әрекетке барсақ та, ойланып барайық, алды – артымызға қарамай көбелектей отқа түсіп кетпейік деп ескі

теңеуді іс – әрекеттің өлшеуіші ретінде, тәрбиелік мәнде қолданған.

Қорғасын құйған  
сақадай, Сәулем менің  
салмақты.

Салыстырсам  
салмағын, Қала қызы  
қаңбақты [3].

Осы шумақта қорғасын ерітіп құйылған сақаның салмағы, адам мінезімен салыстырылған. «Қорғасын құйған сақадай мінезі ауыр екен» деген сөз тіркесі бар.

Мағжан кейде теңеу сөздерді түйдектеп те қолданады. Оны «Еділде» өлеңінде былай келтіреді.

Түсте толқын еліреп,  
Абыржып толқын  
ойнақтатай. Кешке  
толқын тып – тыныш,  
Қабыжыған қаймақтай.  
Түсте толқын қаймақтай,

Ойнақтаған тайлақтай [3].

Үшеуі де – тай жұрнағы арқылы жасалған. Сондай-ақ алтындай, жібектей, сафкүмістей, күлдей, сүттей, сүліктей, гүлдей, еліктей, төбеттей, бөрідей деген фольклордағы танымал образдар арқылы да теңеулер тудырған. «Зуһара», «Жазғы таң», «Сүйемін», «Зарлы сұлу», «Сұр құлын», «Жылқышы» деген өлеңдерінен байқаймыз. [5].

Ақын поэзиясында діни әдебиеттің ықпалымен туған теңеулер де бар.

Мәселен,

«хор сипатты қарындас», «бейне хор жүзі». «Қайғылы сұлуға» атты өлеңінде, «көркің хор, періште еді, сенің жаның» деп қыздың жан дүниесінің сұлулығын періштеге, сырт сұлулығын «хорға» теңейді. Мұндай теңеулер ақын өлеңдерінде бес – ақ рет, ақ жам- быдай қыздың сұлулығын салыстырылған. Бұл – адамға арналған теңеудің табиғаттың сұлулығымен ассоциациялануы. Яғни теңеу предметі жаңартылған.

Пайғамбар – діни аңыздарда жағымды образ. Тіпті пайғамбардың жүріп кеткен ізі де қасиетті деген ұғым бар. Сондықтан да «пайғамбардың ізіндей» деген теңеу – халық санасына жақын, жылы қабылданады. Оны «Алданған сұлу» өлеңінде қыздың жігіттен алданып қалмағанға дейінгі жан тазалығын суреттеу үшін қолданған. [4].

**Метафора.** Мағжан метафораны пайдаланғанда да өзіндік ерекшелігі болған. Жоғарыда айтқанымдай, теңеуде қолданған әдісі – метафораға да ортақ. Мысалы: «Осы күнгі ой» өлеңінде қазақ халқын арыстанға, жолбарысқа балайды. Жеріңнен, малыңнан, адамыңнан айырылып жатсаңдар да қозғалмаған, неғылған халық едіңдер деп ренжиді. Арыстан едіңдер ғой, неге рухтарыңды жоғалттыңдар деп ел намысына қозғау салады.

«Төгілген шашы» өлеңінде қыздың денесін мамық қарға, тістерін

меруертке, «Сүй, жан сәулем» өлеңінде қыздың денесін – ақ бұлтқа, жүзін – айға, тісін – меруертке, көзін – құралайға балайды. «Күміс нұрлы ай» өлеңінде алмас, жібек жел деген дәстүрлі мета-фораларды өзгеріссіз қолданады. «Есімде... Тек таң атсын!» өлеңінде, арқаның суын – күміске, қырын – жібекке балайды. «Зуьра» атты өлеңіндегі «беті – алма, жүзі – ай» деген жолдар дәстүрлі метафоралық образдар. Осы сипатты метафоралардың қатарына –

«Өткен күндер» өлеңіндегі тісі меруерт тізілген деген баламаларды да қосамыз. «Аққала» өлеңінде балалардың күлкілерін меруертке балаған.

*Аллитерация.* Қазақтың халық поэзиясындағы аллитерация мен ассонанс сияқты дыбыс бірлестігін де Мағжан поэзиясынан табамыз. «Ой» деген өлеңінде «ой» деген сөзді жол басында қайталап отырған. Оны «Р - ға» өлеңінен де байқаймыз.

Айлар өтті, ай көрінді, өлді жын,  
Айлар өтті, айырылды күн мен  
түн. Айлар өтті, ішкен удан  
айныдым, Айқын болды  
ақырында жалған, шын. Немесе:  
Бүгін менің құшағымда кім  
болды? Бүгін менің құшағымда  
Гүл болды. Бүгінгі түн маған  
алтын Күн еді, Бүгін менің  
құшағымда Күн болды.

Ал «Түркістан» өлеңінде дыбыс қуалып отырған. Түркістан – екі дүние есігі ғой,  
Түркістан – ер түріктің бесігі  
ғой. Тамаша – Түркістандай  
жерде туған, Түріктің тәңірі  
берген несібі ғой.

«А», «б», «о» дыбыстарынан басталған сөздерді қатарынан келтіріп, «т» дыбысынан жол басында қолдану арқылы, өте әсерлі дыбыс әуезділігін жасаған. Өлең жолдарының басы бір дыбыстан басталуы – ежелгі поэзиядан келе жатқан дәстүр. Ол – халық эпо-сында да, жыраулар поэзиясында да, Абайдың өзімен замандас ақындар өлеңдерінде де мол. Ол – Мағжан шығармаларына да тән. Десек те, Мақаң бір сөзбен басталатын жаңа әдістерді қолданған. [3].

**Психологиялық параллелизм.** Мағжан поэзиясындағы психологиялық параллелизмдердің тамаша үлгісін «Шын сорлы» өлеңінен байқаймыз. Идеясы фольклордағы бақытсыз әйел тақырыбына ұқсас. Аталған өлеңде қазақ әйелінің ауыр тағдыры сөз болған. Аяғы ауыр Оразкенді күйеуі Балтабай боранды күні шашынан сүйреп, тілдеп, тепкілеп далаға шығарып жібереді де, есікті іштен бекітіп алады. Өлеңдетабиғаттың қаталдығы мен адам бойындағы қатігездік салыстырылып, психологиялық параллелизмге түскен. Бораған қар жел мен суық күн аязбен егеске түскен. Осындай боранда кедейлер үсіп – тоңып отырса, жылы үйде байлар уайымсыз жатыр деп ақын әлеуметтік теңсіздікті де сөз етеді. Түнге қарай шегінен шығып ұйытқып соққан долы жел дөңдегі қарды үйіп тастаса, әбден ашуланып қаһарына мінген Балтабай қорғансыз әйелді тысқа қуып шығады. Мұнда ақын тілсіз, мылқау табиғаттың қаталдығын адамның қатігездігімен салыстырады. Біздің байқауымызша, ақын өлеңдерінің поэтикасына көп жағдайда қазақтың өз топырағына байланысты жәйттерді айтқанға көңіл бөледі.

Алмастырудың тағы бір алуаны **метонимия, синекдохалар** болса, бұған да Мағжантиісінше көңіл бөлген.

...Көкшеде *өңшең көкжал*  
аялдаған, *Қырандар*  
қанаттарын жая алмаған.  
*Жолбарыс* жортып кетті бетін  
түзеп...Арыстан айдалада  
дүбір салды...  
Қол қалды. *Жүз жолбарыс* майданды ойлап.  
*Жүз бөрі* аз дамылдап алысты да.  
*Жүз қыран* мың сан қолға араласты.

(“*Батыр Баян*” поэмасынан).

... Қаны бір ел еді ғой *қазақ, қалмақ*,  
О дағы бір саған туған жұрт болмай ма ?  
... *Батырлар* қатар түзеп келіп қалды.  
... *Тартты қол*. Қалды өрлер. Қалды белдер.  
... Сол кезде қара бұлттай қалың қалмақ...  
... *Қалыңқол* ортасында батыр Баян....

(«*Батыр Баян*» поэмасынан) [3].

Мағжанның шығармаларындағы айқындауыш бейнелі сөздерге көз жүгіртсек суреткердің идеясынан туып, сөз арқылы берілген не бір ойдың көрінісін аңғарасыз. Сөздердің реңін кіргізіп, ажарлап, көркемдік жасап үйлесімге келтіруінің өзі бірнеше түрлі тәсілдер арқылы берілгендігінің куәгері боласыз. Әсіресе көркем шығармада

қолданылатын көркемдегіш құралдың бірі, заттың не құбылыстың айрықша сипатын, сапасын анықтайтын бейнелі сөз– эпитетті пайдаланудағы шеберлігі оқырман көңілін еріксіз баурап әкетеді. Эпитетсіз тіпті айтарыңды анықтау, суреттеп отырған нәрсеңді нақтылау мүмкін емес екендігін төмендегі жолдардан байқауға болады.

*Алтын Күн* батып  
барады, *Алтын Күн*  
ақырын өледі  
Сорлы бұлттар -  
сорлы жарҚан  
жылап күнді  
көмеді.

(«Батқан күн, атқан таңның жыры»)

Сөзің - сиқыр, есті тұман  
басқандай, *Ессіз жүрек*  
дария болып тас қандай.  
Күлкің Күнім күндей күміс  
табаққа *Мінсізсұлу*  
меруертті шаш қандай.

(«Жұлдызды жүрек» өлеңінен үзінді)

*...Сылдырлап сылқ-сылқ күлген*  
*терең сайда, Ерке*  
*өзенжанынөртеп, жарменойнап,*  
*Сүйгізіп ақбетіненкүміс Айға.*  
*Сондайбір жібек кештежаны өртеніп,*

(“Батыр Баян” поэмасынан)[3].

Мағжан поэзиясының өлеңдерінің көркемдік ерекшелігі сан қырлы екені анық. Мағжан Жұмабаев поэзиясының көркемдігі әрі қырлы, әрі сырлы деген қорытынды айтуға негіз болды. Оның поэзияда қалдырған өзіндік қолтаңбасы бар. Өлең жазу шеберлігі, өзіндік ерекше сөздерді құрастырып, жана мағына беріп, жан бітірердей көрінеді. Жалынды өлеңдерінде мағынасы бір ұшан – теңіз дария жатқанымен, өлең құрлысы, сөз саптауы да шебер қолданылған.

Мағжан өлең сөздің қадірін түсінген. Әдебиет өз жұртына, еліне қайтсе жемісті қызмет ете алады, қайткенде халық алдындағы парызын өтейді деген ой оны әрдайым терең тебіrentкен. Біз бұған оның әдеби-сын мақалаларын оқығанда да айқын көз жеткіземіз.

## Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

- 1 Хасен М. А. Алаштың ақиық ақыны – Мағжан Жұмабаев / М. А. Хасен, Г. М. Абил-касов, П. Ю. Гладких, А. Т. Еслямова. // Молодой ученый. — 2017. — № 16.1 (150.1). —С. 32-34.
- 2 Аймауытов Ж. Мағжанның ақындығы туралы <https://adebiportal.kz/kz/news/view/>.
- 3 Жұмабаев Мағжан Шығармалары (әдеби басылым). 1-том: Өлеңдер, дастандар / Құраст. Сәндібек Жұбаниязов. – Алматы: Жазушы, 2013. – 376 бет.
- 4 Қанарбаева Б. Жырымен жұртын оятқан. – Алматы: Ана тілі, 1998. – 232 б.
- 5 Оразбек М. Ақындық тұлға табиғаты. Оразбек М. /- Астана: Фолиант, 2002.- 152 б.
- 6 G.K.Rezuanova, A.Sh.Albekova,A.M.Muratbekova, G.A.Kukenova «Elective disciplines as means of professional competence of future teachers» // Life Science Journal – Scopus CJR2021 (Thomson Reiter’s) 2014.

Ғылыми жетекшісі: Кукенова Г.А